

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ СӨЙЛЕУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Тезекбаева Мөлдір

Талғатқызы

tezekbayeva04@mail.ru

7M01101-Педагогика және психология білім бағдарламасының I курс
магистранты,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау,
Қазақстан Ғылыми жетекші, PhD Г.О. Мугауина

Цифрлық дәуірде тұлғаның сөйлеу дағдылары азайып бара жатыр. Мұның себебі адамдардың әлеуметтік желіге тәуелділігінде. Ал, жеке тұлғаның сөйлеу дағдысы әлеуметтік ортамен, айналасындағы басқа адамдармен қарым-қатынасты құрайтын факторлардың бірі болып есептеледі. Сонымен қатар, қарым-қатынас дағдылары адам капиталының маңызды құрамдас бөлігі ретінде және ол қоғамға сәтті кіріктірілдіру, алға қойған мақсаттарға жету және басқа адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнату мүмкіндіктерін анықтайды. Сөйлеу – тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, адамның ойлау жүйесінің көрінісі, ішкі жан дүниесінің айнасы, тұлғалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Жасөспірім кезеңінде сөйлеу мәдениетін дамыту олардың болашақтағы жетістіктеріне тікелей әсер етеді.

Бала дамуы үдерісін қарастыра отырып, жасерекшелік психологиясы әртүрлі жас кезеңдеріне сипаттама береді және соған сәйкес «жас» пен «балалық шақ» ұғымдарын қолданады. Жас немесе жас кезеңі – бала дамуының өзіндік құрылымы мен динамикасы бар белгілі бір циклі болып табылады.

Балалардың даму үдерісін жан-жақты зерттеп, талдаған ғалым Л.С. Выготскийдің еңбегі көп. Ол үшін даму – ең алдымен жаңаның пайда болуы болып табылады. Даму кезеңдері жас ерекшелік жаңа құрылымдармен сипатталады, яғни бұрын дайын күйінде болмаған қасиеттер мен сапалардың қалыптасуымен ерекшеленеді. Ғалым Выготскийдің пікірінше, дамудың негізгі көзі – әлеуметтік орта. Баланың өзін тәрбиелейтін және оқытатын әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуі жас ерекшелік жаңа құрылымдардың пайда болуын айқындайды. Осыған кейін Л.С. Выготский «әлеуметтік даму жағдайы» ұғымын енгізді. Бұл – әрбір жас кезеңіне тән бала мен әлеуметтік орта арасындағы ерекше қатынас. Бала бір жас кезеңінен келесісіне өткенде, оның ортасы да түбегейлі өзгереді. Жас кезеңінің басында әлеуметтік даму жағдайы өзгереді, ал кезеңнің соңына қарай жаңа құрылымдар пайда болады. Солардың ішінде келесі даму сатысы үшін ерекше мәнге ие орталық жаңа құрылым маңызды орын алады [1].

Әрбір жас кезеңі өзінің қайталанбас мазмұнымен, психикалық функциялар мен баланың тұлғалық дамуының ерекшеліктерімен, оның қоршаған ортамен қарым-қатынас сипатымен және жетекші іс-әрекет түрімен айқындалады, сондай-ақ белгілі бір шекараларға ие. Алайда бұл хронологиялық шекаралар өзгермелі болуы мүмкін: бір бала жаңа жас кезеңіне

ертерек өтсе, екіншісі кешірек өтеді. Әсіресе, балалардың жыныстық жетілуімен байланысты жасөспірімдік кезеңнің шекаралары айқын тұрақсыз сипатта болады.

Бұл тұрғыда, зерттеуші-ғалым Б.Г. Ананьевтің еңбегінде былай сипаттайды: «Дамудың фазаларының ұзақтығын және оның дискретті сәттері болып табылатын сыни нүктелерін анықтау аса күрделі мәселе болып табылады. Себебі бұл үдерісте функционалдық және тұлғалық өзгерістердің гетерохрондылығын, сондай-ақ өзгермелі тарихи жағдайлардағы жас ерекшелік пен жеке дара өзгергіштікті ескеру

қажет» [2].

Бала енді ересек өмірге дайындайтын барлық қажетті дағдыларды меңгеруі тиіс. Ол игеруі қажет ең маңызды қабілеттердің қатарына әлеуметтенудің келесі аспектілері жатады: кооперация, өзара тәуелділік және бәсекелестіктің сау түрін қалыптастыру. Балада жүйе туралы түсінік қалыптасады, заттардың құрылымына деген қызығушылық пайда болады, дедуктивті ойлау қабілеті дамиды, сондай-ақ ұжымдық ойындарға және бірізді әрекеттерді орындауға бейімділігі артады [3]. Осылайша, балалық шақтан жасөспірім кезеңіне өтеді.

Олай болса, жасөспірім дегеніміз – бұл биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты ішкі және сыртқы өзгерістердің қарқындылығымен ерекшеленетін адамзат баласының кезеңдері болып табылады. Дәл осы шақта тұлға өзінің болашақ кәсіби және жеке әл-әуқатының негізін қалайды. Сонымен қатар, өзіндік «Мен» бейнесін қалыптастыра бастап, өз мәселелерін, қиындықтарын жеңуге талпынып және өз бетінше шешім қабылдау тәжірибесін үйрене бастайды. Ал, қарым-қатынас дағдыларын меңгеруде олар кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісі жүре бастайды. Көптеген әртүрлі ситуациялық рөлдерде өзін сенімді мінез-құлық көрсетеді, тұлғааралық қатынастарда жақсарту үшін күреседі. Себебі, достар, әлеуметтік тану, жеке мүдделер, отбасы, болашақ мамандық жасөспірімнің өмірінде айтарлықтай әлеуметтік анықтаушы орын алады және көбінесе тұлғаның коммуникативті қасиеттерінің қалыптасу деңгейімен анықталады. Осы аталған әлеуметтік факторларды қалыптастыру үшін жасөспірімдердің сөйлеу дағдыларын жетілдіру маңызды. Сонымен қатар, жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері олардың сөйлеу әрекетіне тікелей ықпал етеді. Бұл кезеңде жасөспірімдер өзін-өзі тануға, өз орнын табуға, айналасындағылармен қарым-қатынас орнатуға ерекше көңіл бөледі. Олар үшін құрдастарының пікірі маңызды болып келеді, сондықтан кейде өз ойын ашық айтуда қиындықтарға тап болады. Ұялшақтық, өзіне деген сенімсіздік, сыннан қорқу сияқты факторлар сөйлеу белсенділігін төмендетеді. Осындай жағдайда психологиялық қолдау аса қажет.

Жасөспірімдердің психологиялық қолдау деп – бұл жасөспірімнің ішкі ресурстарын ашуға бағытталған, оның эмоционалдық жағдайын тұрақтандыратын, тұлғалық дамуына ықпал ететін жүйелі көмек. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда психологиялық қолдаудың маңызы ерекше, өйткені ол баланың қорқыныштарын жеңуге, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға, қарым-қатынас жасауға деген ынтасын арттыруға көмектеседі.

Жасөспірімдердің сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ең алдымен қолайлы психологиялық орта қажет. Мұндай ортада бала өзін қауіпсіз сезінеді, қателесуден қорықпайды, өз ойын еркін жеткізе алады. Мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан көрсетілетін қолдау, түсіністік, құрмет – осы процестің негізі болып табылады. Егер бала өзін тыңдайтынын, оның пікірі маңызды екенін сезінсе, ол белсенді түрде қарым-қатынасқа түседі. Сенімділік – сөйлеу дағдыларының қалыптасуындағы негізгі факторлардың бірі. Өзіне сенімді жасөспірім өз ойын ашық айтып, пікірталастарға белсенді қатысады. Ал сенімсіздік керісінше сөйлеуден қашуға, тұйықтыққа әкеледі. Сондықтан психологиялық қолдау барысында баланың жетістіктерін атап өту, оны мадақтау, кішігірім табыстарын да бағалау маңызды.

Жасөспірімдердің сөйлеу дағдыларын дамытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді нәтиже береді. Солардың бірі – рөлдік ойындар. Бұл әдіс арқылы бала түрлі әлеуметтік жағдайларды модельдеп, өз рөлін ойнап, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар пікірталас ұйымдастыру да өте пайдалы. Пікірталас барысында жасөспірімдер өз ойларын дәлелдеуге, логикалық тұрғыдан

жеткізуге, қарсы пікірді тыңдауға үйренеді.

Сөйлеу дағдылары дегеніміз – бұл адамның ойды жүйелі жеткізу, дұрыс әрі анық сөйлеу, тыңдай білу, пікір алмасу, диалог құру сияқты қабілеттерінің жиынтығы. Бұл дағдылар тек оқу процесінде ғана емес, күнделікті өмірде де маңызды рөл атқарады. Жақсы дамыған сөйлеу мәдениеті жасөспірімнің өзіндік пікірін білдіруіне, қоғамда белсенді болуына, түрлі әлеуметтік жағдайларда өзін сенімді ұстауына мүмкіндік береді.

Олай болса, сауатты сөйлеу деп – бұл тұлғаның ережелер мен орфографиялардың жиынтығы ғана емес, бұл білім алудағы, оқудағы, өзіндік мансаптағы және жеке өмірдегі сәттіліктің тірегін айтады.

Жасөспірім кезінде тұлғаның сөйлеуді жақсы жаққа өзгертуі оңайырақ болады. Өйткені, жасөспірімдердің сөйлеуін дамыту әртүрлі факторлардың әсерінен туындайды. Жаһандану дәуіріндегі жасөспірімдер цифрлық технологияларды көп қолданады, соның ішінде шешендік өнерлер курстарына қатысады, әлеуметтік желілерді және әртүрлі мессенджерлерді белсенді қолданады. Бұл олардың қарым-қатынас дағдылары мен сөйлеу мәдениетімен көрініс табады.

Мұндай көріністер көбіне жасөспірімдердің бір-біріне деген құрметінен басталады. Себебі жасөспірімдер білім беру үдерісіндегі жетістіктерге ғана емес, топтың жеке тұлғаны қабылдауына да әсер етеді. Әлеуметтік орта қабылдаған жасөспірімдер өздерін жайлы сезінеді. Бұл өз кезегінде қолайлы атмосфераны қалыптастырып, қауіпсіздік пен өзіне деген сенімділік сезімін береді [4].

Шығармашылық тапсырмалар да сөйлеу дағдыларын дамытуда маңызды орын алады. Әңгіме құрастыру, эссе жазу, өз ойын ауызша баяндау сияқты тапсырмалар баланың тіл байлығын арттырып, ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар психологиялық тренингтер де үлкен рөл атқарады. Мұндай тренингтер жасөспірімдердің ішкі кедергілерін жоюға, өздерін еркін ұстауға, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Кері байланыс беру де маңызды компоненттердің бірі болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған кері байланыс жасөспірімнің өз қателіктерін түсінуіне және оларды түзетуіне мүмкіндік береді. Бұл жерде сын емес, қолдау көрсету маңызды. Жағымды және дамытушы кері байланыс баланың мотивациясын арттырады.

Мұғалім мен ата-ананың рөлі бұл процесте ерекше. Мұғалім сабақ барысында әр оқушыға сөйлеуге мүмкіндік беріп, белсенді әдістерді қолдануы тиіс. Ал ата-аналар баламен жиі әңгімелесіп, оның пікірін тыңдап, ашық қарым-қатынас орнатуы қажет. Отбасындағы жылы атмосфера баланың еркін сөйлеуіне үлкен әсер етеді.

Жасөспірімдердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында түрлі қиындықтар туындауы мүмкін. Олардың қатарында ұялшақтық, сөздік қордың жеткіліксіздігі, өз ойын дұрыс жеткізе алмау, көпшілік алдында сөйлеуден қорқу сияқты мәселелер бар. Бұл қиындықтарды жеңу үшін жүйелі жұмыс қажет. Психологиялық қолдау, тұрақты жаттығу, мотивацияны арттыру және қолайлы орта қалыптастыру арқылы бұл мәселелерді шешуге болады.

Қорытындылай келе, жасөспірімдердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру – олардың тұлғалық дамуының маңызды бөлігі. Бұл үдерісте психологиялық қолдау ерекше рөл атқарады. Ол жасөспірімнің өзіне деген сенімін арттырып, қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады, әлеуметтік ортада белсенді болуына ықпал етеді. Сөйлеу мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқан жасөспірім болашақта өз ойын еркін жеткізе алатын, табысты тұлғаға айналады.

Сондықтан білім беру жүйесінде және отбасында жасөспірімдердің сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған психологиялық қолдауды жүйелі түрде ұйымдастыру қажет. Бұл – болашақ ұрпақтың сапалы дамуына жасалған маңызды қадам.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Общаться с ребенком. Как? – М., 2000 – 460с.
2. Ананьев Б.Г. Развитие детей в процессе начального обучения и воспитания // Проблемы обучения и воспитания в начальной школе.- М.: УЧПЕДГИЗ, 1999 – 326с.
3. Белкин А.С. Основы возрастной педагогики: учебное пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений/А.С. Белкин. – М.: Издательский центр Академия, 2000. – 192 с.
4. Смотрицкая О.Е. Коммуникация в школе. Система взаимоотношений в школе: учитель-ученик, ученик-ученик, учитель-родитель, учительадминистратор // Библиотека новейших исследований (раздел «Проблемы фундаментальной науки»), October 12, 2008 // URL: <http://tovievich.ru> (қаралған күн: 27.02.2026).